

№28 “Алпамыс” санаториялық бала-бақшасы

Тәрбиелілер мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас

“Балдырған” тобының тәрбиешісі: Жасанова Н

2012-2013 оқу жылы

Ата-ана – баланың бас ұстазы.  
Ата-ананың тәрбиесі-бала мінезінің іргетасы.  
Баланың бағыт-бағдар алатын шамшырағы  
іспеттес.Өзі үлгі болумен қатар мейірім мен  
махаббат иесі болуы қажет.  
Балаңыздың бас ұстазы-өзің



**Ата –аналар  
жиналыстарын  
өткізуге арналған  
нұсқау.**

**Жетістіктеріміз**

**Ата-аналардың  
мамандықтарына  
сәйкес  
ұйымдарға байланысты  
өзара қарым –қатынас  
жасауды қамтамасыз етеді.**

**Әр топтағы балалардың  
ата-аналарының  
ұжымын біріктіруге,  
ұйымшылдыққа,  
береке-бірлікке  
қол жеткізе алады.**

**Бала тәрбиесіндегі педагог  
пен ата-ананың  
бірлескен іс-әрекетінің  
нәтижесіне қол жеткізіп,  
оның жағымды әсері  
мен ықпалы айқындалады.**

**Ата -аналардың  
педагогикалық,  
психологиялық білімін  
арттыруды  
жүзеге асырудың  
мүмкіндіктері  
қарастырылады.**

## *Кемшіліктеріміз*

Ата-аналардың  
аталған  
Жиналыстарға  
қатысу  
белсенділігінің  
Төмендегі.

Ата-аналар  
жиналыстарын  
өткізу формаларының  
біржақтылығы (үнемі  
түрлендіріп, өзгертіп,  
жаңаша бағыт-бағдар  
ұстана алмауы)

Педагогикалық  
біліктілік пен  
іскерліктің жеткілік-  
сіздігі

Ата-аналармен  
қарым-қатынас  
жасаудағы  
кездесетін  
қиындықтар

Балабақша жайында-  
ғы жағымсыз мәлі-  
меттер мен дұрыс  
емес ақпараттардың  
таратылуы

Қаржы мәселесі  
жайында дұрыс  
шешімдер  
қабылдануы  
қажеттілігі

нiптi  
y  
өткiз  
с  
iрiрi  
нiрiн

Алға қоятын мақсатыңыз нақты, айқын болсын.

Жиналысқа арнайы мамандар шақыру ең тиімді көмекші болмақ. Атап айтқанда: психолог, әлеуметтік психолог, балалар дәрігері, ғалым-педагогтар

Ата-аналар жиналысының тақырыбына сәйкес осы бағыттағы алуан түрлі әдебиеттермен танысу қажеттілігі

*Жиналысты өткізуге алдын ала дайындық кезеңін жасау (жиналысқа дейін талдауға ұсынылатын сұрақтармен таныстыру, пікірлесу, өз ойларын ортаға салуға ұсыныс жасау, сауалнама жүргізу, оны алдын ала талдау)*

**Ұйымдастыру формасы ата-аналардың белсенділігі туғызатындай қызықты, тартымды болуы шарт: іскерлік ойындар, ата-аналар рингі, шағын топтармен жұмыс, тренинг, пікір сайыс, дөңгелек үстел, Отбасылық кеңес, т.б.)**

**Жұмыс барысында рефлексия жүргізуді ойластыру (сөз ойла, тез ойла, арттерапия, сұрақ сауалдар, ойын жаттығулар, т.б.)**

**Жиналыс өткізілетін орын таза, желдетілген болуы керек, іс-әрекетке қажетті құрал-жабдықтар жеткілікті және оларды қалай орналастыру қажеттілігі алдын ала ойластырылуы керек.**


**Ата-аналар жиналыстарында балабақшадағы кезеңде баланың іс-әрекеті немесе мінез-құлқындағы кемшіліктер жайында айтудың қажеті жоқ, оларға сенімділікпен қараңыз, кінә тағудан аулақ болыңыз**

**Баланың жақсы жақтарын айту сіздің міндетіңіз  
екенін ұмытып кетпеңіз.**

**Ата-аналар жиналысына қатысушыларды  
мадақтауды, ризашылық  
білдіруді естен шығармаңыз.**

# Ата-аналар алдында сөйлеу ережесі

**Сөз сөйлеуді қалай бастау керек? Шаршы топ алдында сөз сөйлеу алғашқыда қиындық туғызатыны белгілі. Дей тұрғанмен де ол өте маңызды, әрі құрметті. Бастапқыда тыңдаушылардың ақыл-ойы зерек, тың сондықтан жақсы әсер қалдыруға болады. Сөз сөйлеуге алдын ала дайындалу керек.**





**Сөйлейтін сөз қысқа да нұсқа,  
нақты болғаны абзал**

**Сөз сөйлеуде бірден ең  
негізгі  
мәселенің мәнін ашудан  
бастаңыз.**

**Сөз сөйлеуді бастағанда әзіл-  
сықақ немесе  
сын пікірлер айтудан аулақ  
болыңыз, ол үнемі сәтті бола  
бермейді.**

**Сөйлеу барысында жөнді-жөнсіз  
кешірім сұрау ағаттық,  
не айтқыңыз келді соны нақ,  
дәлелді түрде айтыңыз және  
өзіңізге белгіленген орында  
болыңыз.**

**Аудиторияны өзіңізге тарту үшін  
сөз сөйлеуді  
бастағанда төмендегі әдіс-  
тәсілдерді пайдаланыңыз.**

❖ Тыңдаушылардың  
қызығушылығын  
арттыра біліңіз;

❖ Қызықты  
көрнекілік  
көрсетуден бастап  
сойлегеніңіз  
тиімді болмақ;

❖ Тыңдаушыларға  
сұрақ қоюды  
ұмытпаңыз;

❖ Сіздің сөзіңіз  
тыңдаушылардың  
өмірімен тығыз  
байланысты екенін  
дәйекті түрде  
дәлелдей біліңіз.

# *Сөз сөйлеуде ойыңызды айқын жеткізу үшін не істеу керек?*

1. Сөз сөйлеуде ойды қарапайым тілмен түсінікті жетік айта білу керек.
2. Тыңдаушылардың көріп қабылдауына жақсы әсер ете біліңіз.
3. Айтайын деген негізгі идеяны қайталаңыз, бірақ бір сөзді немесе сөз тіркесі үнемі қайталанбасын.
4. Ойды тиянақтау үшін нақты мысалдар мен жағдаяттар қолданыңыз.
5. Сөйлеу барысында өте көп мәселелерді қамтуға тырыспағаныңыз жөн.
6. Сөзді аяқтауда қысқаша түйін жасауды ұмытпаңыз.
7. Егер мүмкіндік болса, нақты ұсыныс пен идеяны қалыптастыру жолын қарастырыңыз.
8. Аудиторияны сөйлеу барысында толық қамтуды және қызығушылықты ояту негізгі міндетіңіз екенін ұмытпаңыз.

# Сөйлеуді қалай аяқтауға болады?

Сөз соңы ең маңызды стратегиялық элемент. Тыңдаушылар сөз соңындағы айтылғанды естерінде жақсы сақтайды. Сөзді аяқтауға да жақсы дайындық керек. Ол үшін:

- ❖ Ойды түйіндеу, өз сөзіңіздің қысқаша негізгі нұсқауы, негізгі идея;
- ❖ Іске кірісуге шақыру, оны орындаудың жолдарын белгілеу;
- ❖ Тыңдаушыларға орынды мадақтаулар айту, күлкіге шақыру;
- ❖ Эмоционалдық көңіл күйді көтеру;

# Ата-аналар жиналысының тақырыбы

Ата-аналармен  
танысу, келісім шартқа  
қол қойдыру,  
жоспармен таныстыру

Ата-аналарға  
арналған  
ережелермен толық  
таныстыру

Ата-аналар комитетін  
сайлау, сұрақтарына  
жауап беру

Мерзімі

Қыркүйек

Жауапты

Тәрбиешілер

# Хаттама №1

Қатысушылар:24 ата-ана

Тәрбиешілер:2

Уақыты:15.09.11

## Күн тәртібі:

- 1.Жаңа топ бөлмесімен ата-аналарды таныстыру.
2. Баяндама: Жаханова Н«4-5 жастағы балалардың жас ерекшелік сипаттамасы».
- 3.Ата-аналар комитетін сайлау.
- 4.Әртүрлі.

Бұл сұрақ бойынша тәрбиешілер жаңа топ бөлмесімен ата-аналарды таныстырып өтті. Биылғы жылы жаңа стандарттың енуінебайланысты оқу іс-әрекетіндегі өзгерістермен,оқу сағаты жүктемелерімен таныстырды.

Сонымен қатар

«Балдырғаг»тобының жаңа стандарт бағдарламасы бойынша жұмыс жүргізілетіндігі айтылды.

Сондықтан ата-аналардың тәрбиешілермен тығыз байланыста болуларын өтінді.

## ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары

**Мақсаты:** Ата-аналардың балаларының балабақшамен отбасында тәрбиелеу жұмыстарын ұштастыру.

Балалардың балабақша өмірінде болып жатқан іс-шараларға белсене араласу.  
Оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізуде қол көмек көрсету.

А) Жаңа топпен таныстыру

Ә) Оқу іс-әрекетін жоспарымен таныстыру (жаңа стандартпен таныстыру)

Б) «4-5 жастағы балалардың жас ерекшелік сипаттамасы»

В) Ата-аналар комитетін сайлау

2. «Бала тәрбиесі- баршаның ісі» (баяндама)

Ә) Қол көмек. Топ бөлмесінің жұмыстары.

Б) Балалар денсаулығын нығайту.

3. «Үйілмен және отбасы» (баяндама)

А) Ата-аналармен дөңгелек стол ұйымдастыру

Ә) Табиғат бұрышын толықтыру.

# Отбасы-алтын ұя

Рухани  
құнды  
лық

“Денсаулық”  
білім беру саласы

- дене тәрбиесі  
дұрыс тамақтану

5.«Әлеуметтік»  
білім беру саласы  
- аудио,видео  
апараттары

«Таным»  
білім беру саласы

-өнегелі тәрбие  
- әдет ғұрып

Әлеумет  
тік  
материа  
лды  
құнды  
лық

«Қатынас»  
білім беру саласы

-мейірімділік  
- сыйластық

«Шығармашыл  
ық»  
білім беру саласы

-кітаптар мен  
журналдар,  
о йыншықтар

Әке- асқар тау  
Ана-сылдырап аққан бұлақ  
Бала –жағасындағы құрақ



№28 “Алпамыс” санаториялық бала-бақшасы

# Ата - анамен жұмыс

**Тақырыбы: «Отбасының жеміс берер гүлі-бала»**

Ортаңғы топ тәрбиешісі: **Жаханова Н.**

Жаңақорған 2011ж

Жаңақорған 2011ж

**Білімділік мақсаты:** Ата-аналар балаларының жағымсыз қылықтарын болдырмауға тәрбие беру. Ата-ананың педагогикалық-психологиялық ынтымақтастығын арттыру. Ой санасы дамыған білімді де салауатты, мәдениетті тұлғаны қалыптастыру мақсатында бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекшелігін түсіндіру.

**Дамытушылық мақсаты:** Бала тәрбиесіне тәрбиеші ата-ана ретінде қарауына әсер ету және ата-ана бойына өздері тәрбиеші ретінде қарауға қызығушылықтарын дамыту.

**Тәрбиелік мақсаты:** Ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынас, бір –бірімен түсіністігі, сүйіспеншілігі, өмірге деген көзқарасына тәрбиелеу. Тәрбиеші мен ата-ананың ынтымақтастығын түсіндіре отырып баланы тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** Отбасы стандарты жайлы слайд, мақал – мәтелдер, балықтың, кубиктің, талдың суреттері салынған плакаттар.

**Тәрбиеші:**

Амансыз ба, апайлар!

Амансыз ба, апай!

Амансыз ба, достарым!

Қуанамын мен де,

Қуанасың сен де,

Қуанайық достарым

Арайлап атқан күнге.

Қымбатты қонақтар бүгін бір ерекше күн.

Отбасы мен балабақша арасындағы қарым-қатынасын нығайту.

**1.Ата-ананың ұрпақ таралған, жақсы жаман болса бала-солардан.**

**Ж. Баласағуни.**

**2. Егер біз адамгершілігі жоғары қоғам болғымыз келсе**

**жұбайлардың**

**бір –бірінің алдындағы,**

**ең бастысы балалардың алдындағы**

**жауапкершілігін күшейтуге тиіспіз.**

**Н.Назарбаев.**

- Қымбатты ата-аналар қазіргі таңда тәрбиешілер мен ата-аналар тығыз байланыста болсақ қана, Қазақстан Республикасының тәрбиелі балаларын тәрбиелеген болар едік.
- Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында айтылған: “Мектепке дейінгі білім беруге назар аударған жөн. Бұл сатыны олардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға арналған тиімді бағдарламалармен қамтамасыз ету қажет» Осыған сәйкес балалардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамыту үшін тәрбие мен білім беру тығыз бірлікте, біртұтас жүйеде жүргізілуі керек. Сапалы білім саналы тәрбиемен ұштасқанда ғана қоғам өзінің рухани дамуында нәтижеге қол жеткізбек. Бала жүйелі білім алып, алған білімін есте сақтап және сол білімді тәжірибеде пайдалана білу керек. Сол кезде бала тұлға ретінде қалыптасады. Бұл шараларды ұйымдастыра отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін арттыруға жұмыс жасай отырғанымызды ойын түрде көрсеткім келеді.

## **Ойынның барысы**

Сіздердің түсініктеріңіз бойынша өз балдарыңызды қалай жақсы көресіздер

Ата-аналардың жауаптары

Енді бір ата-ана ортаға баланың ролін ойнауға шықсын.

**Қызы:** Мама анау тұрған не?

**Мамасы:** Сен әр нәрсеге тесіліп қарай берме. (Сол кезде баланың көзін байлаймын).

**Қызы:** Мама, мама қарашы қандай әдемі торғайдың дауысын естідің бе?

Сіздер кімдер жайлы айтып жатырсыздар.

**Мамасы:** Сенің қандай жұмысың бар. Үлкендердің әңгімесіне араласпа, құлағыңды жауып тұр. (Сол жерде құлағын шарфикпен байлаймын).

**Қызы:** Бүгін күн қандай тамаша! Мені Малика күтіп тұрған шығар. Мен оған бантик әкелемін деп едім.

**Мамасы:** Сен көп әңгіме айтып кеттің ғой, ауызыңды жабасың ба, жаппайсың ба? Онсызда кешігіп бара жатырмыз. (Қолынан ұстаймын да әрмен қарай жүре беремін. (Осы жерде аузыңды байлап тастаймын).

**Қызы:** Жолда келе жатып, бір талдың бұтағын көтерді. Сол кезде мамасы: - Қолынан салып кеп қалады да қандай тыңдамайтын қызсың. (Баланың қолын байлаймын). Бала аяғымен секіре бастайды.

-Мынау немене дұрыс тұр. (Баланың аяғын байлаймын).

**Мамасы:** Тез, тез жүр, аяғыңды көтеріп бас. Қолыңнан ештеңе келмейді. Не жазу келмейді, не дұрыстап жүру келмейді. Құлап үстіңді бүлдіресінде жүресің. Неге үндемейсің. Сенімен сөйлесіп тұрмын ғой. Саңыраусың ба? Бала жылағысы келе бастайды. Неге жыламсырап тұрсың, Саған айттым ғой. Жылама. (Орамалды аламында иегін байлап тастаймын).

## Қорытынды:

---

### Қорытынды:

Сіз балаңыздың барлық жағын байлап тастағанын көріп тұрсыз.  
Бұл ол балаға ештеңе үйретпегеніңізді байқатады. Көрдіңіздер ме?

Осы кемшіліктер болмас үшін ата-ана мен тәрбиеші  
тығыз байланыста болсақ қана көп жетістіктерге жетеміз.

# ***Тренинг***

Қымбатты ата-аналар жиналысымыздың басында сіздерге «Сезім құмырасы» өздеріңіз әдемі сөзбен жазылған гүлдермен толтырған едік. Қане соны оқып көрейік.

Енді қымбатты ата-аналар жиналысымыздың басында сіздерге **«Сезім құмырасы»** өздеріңіз әдемі сөзбен жазылған гүлдермен толтырған едік. Қане соны оқып көрейік.

Асылым менің

Аяулым менің

Ақылдым менің

Күнім менің

Айым менің

Көкем менің

Өмірім менің

### ***Тәрбиеші:***

Қымбатты ата-аналар сіздермен бірге ойын ойнап жіберейік.

«Тренинг» ойынның аты **«Мен сені жақсы көремін»**.

***Мақсаты:*** Ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынас,  
бір-бірімен түсіністігі, сүйіспеншілігі,  
өмірге деген көзқарасын дамыту

***Керекті құралдар:*** 6 шарф, плакат, «Сезім құмырасы».



**Қымбатты ата-аналар өмірде өзіміздің келешегіміз балаларды өзіміз ойлағандай тәрбиелеу үшін тәрбиені балабақшадан бастаған дұрыс шығар деп ойлаймын.**

### **Қорытынды сөз:**

**Тәрбиелік міндеттерін жүзеге асыру үшін педагог және ата-ана тең дәрежелі серіктестіктер болып, білім беру процесіне талпыныстары мен көзқарастары бір жақтаншығып, бір ауыздан мақсаты мен міндеттерін мақұлдап, белгіленген нәтижеге жету жолын анықтауға келіссе ғана табысқа жетеді.**



-Асылым менің

-Ақылдым менің

-Асылым менің

-Күнім менің


-Ақылдым менің

-Өмірім менің

-Өмірім менің

-Аяулым менің

-Аяулым менің



Баланың тілін- ойын дамыту  
Денсаулықты сақтауға көңіл  
бөлу

Жауапкершілік қалыптастыру  
Дүниетанымын қалыптастыруға  
үйрету  
Қабілетін шыңдап,  
дарындылығын

дамыту  
Баламен оңаша қалуды естен  
шығармау

Басқаларды үлгі ету  
Айтқанды тыңдауға, бағыну  
заңына үйрету

Келеңсіздікті балаларға естіртпеу  
Туысқандық сыйластықты  
ұғындыру.



Ата-ана – баланың бас ұстазы.  
Ата-ананың тәрбиесі-бала мінезінің іргетасы.

Баланың бағыт-бағдар алатын шамшырағы  
іспеттес.Өзі үлгі болумен қатар мейірім мен

махаббат иесі болуы қажет.

Балаңыздың бас ұстазы-өзің

\*\*\*

Әдепті бала- арлы бала,  
Әдепсіз бала – сорлы бала.

\*\*\*

Балаңа байқап сөйлесең, ақылыңа көнер.  
Байқамай көп сөйлеген көп ішінде өлер.

\*\*\*

Егер баланы қолдап тұрса, онда ол өзіне сенуді үйренеді.

Егер баланы орынсыз әлпештей берсе, ол өзімшіл болып өседі

Отбасын «дәрбес мектеп, әлеуметтік институт» деп қарастыратын болсақ, әкешесі- сол орданың ұстаздары, ал, ата-әже –профессорлар іспеттес.

Тәрбиелік міндеттерін жүзеге асыру үшін педагог және ата-ана тең дәрежелі серіктестіктер болып, білім беру процесіне талпыныстарымен көзқарастары бір жақтан шығып, бір ауыздан мақсаты мен міндеттерін мақұлдап, белгіленген нәтижеге жету жолын анықтауға келіссе ғана табысқа жетеді.

Отбасы -  
алтын ұя

Әке – асқар тау  
Ана - сылдыр аққан  
бұлақ.  
Бала - жағасындағы  
құрақ.

Мейірімділік

Өнегелі  
тәрбие

Сыйластық

Әдеп -  
сұрып

Рухани  
құндылық

Әлеуметтік  
материалдық  
құндылық

Дене тәрбиесі,  
дұрыс  
тамақтану

Кітаптар мен  
журналдар

Аудио - видео  
аппараттар

Ойыншықтар